

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестр. 12-сабақ. Бірінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Қазақ жазуының жаңа белесі.

Грамматикалық тақырып: Кәсіби тілдік құзыреттілік.

Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыңыз.

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан бастап қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру туралы әңгіме айтыла бастады. Латын графикасына көшу тіл тазалығына жол ашады, ана тіліміздің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқыту барысындағы оқыту да жаңа деңгейге көтеріледі. Қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуы да мүмкін болады. Әлемдік ақпараттық технологиялар кеңістігіне де кірудің тиімділігі орасан болмақ. Қазақ тілінің де қоғамдық, әлеуметтік, мәдени қолданыс өрісі кеңейеді. Ұлт ұстазы А. Байтұрсыновтың «Тілі жоғалған ұлттың өзі жоғалады» дегені көп ойларға жетелейді. Еліміздегі барлық этностардың толықтай құқығы мен бостандығын сақтай отырып, байырғы ұлтқа негізделген жоғары әлеуетті қоғам құруда латын әліпбиіне көшу – еліміздің дамуын жаңа белестерге шығаратын, ел болашағы үшін қабылданған тарихи шешім. Бұл шешім – елімізді өркениетті, қуатты мемлекетке айналдыратыны айқын.

Латын әліпбиі – әлемде кеңінен тараған әліпбилердің бірі. Біздің заманымыздан бұрынғы 7 ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, біздің заманымыздың бірінші ғасырында қалыптасты. Орта ғасырда Латын әліпбиі Еуропаға тарады, Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Латын сөздерін оқуға негізделген әріп таңбалары қалыптасты. 1929 жылға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылды. 1929 жылдан 1940 жылға дейін латындандырылған жаңа әліпби – «біртұтас түркі алфавиті» енгізілді. 1940 жылдан орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшірілді.

Қазіргі уақытта латын әліпбиі ақпараттық технологияның барлық саласында кеңінен қолданылады.

Латын әліпбиі қазақ тілінің жаңа көкжиегі, қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Бүгінгі уақыт талабымен ұштасып отырған нақты бастама. Жазу – ұлттың рухани құндылығы. Ұлттық жазу ұлттық тілге қызмет етуі керек, сонда еліміздің ұлттық мәртебесі де жоғары болады.

Жазылым. Мәтінмен жұмыс.

2-тапсырма. Мәтіндегі жаңа сөздерді жазып, сөздік қорыңызды толықтырыңыз.

3-тапсырма. Мәтінде қандай сөздер жиі қайталанатын? Жиі қайталанатын сөздерді теріп жазыңыз.

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Қазақ әліпбиін латын әліпбиіне көшіру туралы әңгіме қашан басталды?
2. Қазақ тілінің қоғамдық, әлеуметтік, мәдени қолданыс өрісі қашан кеңейеді?
3. Ұлт ұстазы А. Байтұрсыновтың қандай сөзі бар?
4. Латын әліпбиіне көшу – қандай шешім?

5-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша бірнеше сұрақ құрастырып, жауабын жазыңыз.

Тыңдалым. Латын әліпбиіне қатысты пікірлермен танысып, өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

Айтылым.

Мәтін бойынша жазған сөздік жұмысын айтыңыз.

Тіл туралы мақал-мәтелдер айтыңыз.

Тіл дамыту жұмысы. Әңгіменің қысқаша мазмұнын айтып беріңіз.

М.Әуезов. «Көксерек» әңгімесінен үзінді.

Тұтқын болып кеткен көк күшік ауыл тұрғыны болды. Көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асырауға көнеді десті. Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойып алды. Ертенді-кеш айналасынан шықпайды. Өзіне жеке асқұйғыш — итаяқ әзір болды. Бауырын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң, мойнына жіп тағылды. Үй ішінен шықпайды. Түн баласында Құрмаш қасына алып жатады. Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып кетті. Бөлек жатады. Қасында не аяқ жағында, көрпенің астында Көксерек жатады.

Жаз ортасына жақындаған кез болды. Көксерек үлкейді. Семіріп жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі даладағыдай емес, бәсендеу. Ауылдағы өзі құрбы күшіктерден сонша үлкен емес. Бұл уақытқа шейін Көксерек ауыл итінен көресіні көрді. Бірде-бір ит мұны дос көрмейді, маңына жақындатпайды. Қасқырға шабатын батыл төбеттер бұны талап та тастайды. Өзге көп ит те ырылдап үріп, кейде тап беріп, әр жерінен тістеп тартып кетеді. Құрмаш қасында болғанда таяқ жемейді. Бірақ ержете бастаған сайын бұдан иесі көз жазып қала берді. Сондай кезде Көксерекке ылғи жау иттер кездеседі.

Бір уақыт үлкен үйдің үлкен қара ала төбеті оңашада бұны алып соғып, көп езгіледі. Бұны талап жатқанын көріп, өзге иттер де келіп шабынан алып, борбайынан созғылап өлтіруге айналып еді. Шаң-шұнмен балалар, үлкендер жиылып кеп, иттерді ұрып, зорға айырып алды. Бірақ Көксерек әлі күнге ешбір уақытта "қыңқ" етіп ауырсынған дыбысын шығарған емес. Талаймын деп ит ұмтылса, жота жүні үрпиіп, үдірейіп тұрып алады. Тісі батып, қинап бара жатса, дыбыссыз ғана езуін ыржитады.

12-сабақ. Бірінші бөлім аяқталды. Сабақтың жалғасы екінші бөлімде қарастырылады.